

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
(АСТАНА Қ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ),
АКАДЕМИК М.Ф. РЕШЕТНЕВ АТЫНДАҒЫ
СІБІР МЕМЛЕКЕТТІК ӘУЕҒАРЫШ УНИВЕРСИТЕТІ
(КРАСНОЯРСК Қ., РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ) ЖӘНЕ
«АКАДЕМИК Ө.М. СҰЛТАНГАЗИН АТЫНДАҒЫ ҒАРЫШТЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ» ЕЖШС (АЛМАТЫ Қ. ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ)
АРАСЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Астана қаласы

« 11 » *сәуір* 2012 ж.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Жарғы негізінде іс атқаратын ректор Сыдықов Ерлан Бәтташұлы тұлғасында, бірінші тараптан,

Жоғарғы кәсіби білім беру федералды мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі «Академик М.Ф.Решетнев атындағы Сібір мемлекеттік әуеғарыш университеті», Жарғы негізінде іс атқаратын ректор Ковалев Игорь Владимирович тұлғасында, екінші тараптан (Красноярск қаласы, Ресей Федерациясы) және

«Академик Ө.М. Сұлтангазин атындағы ғарыштық зерттеулер институты» ЕЖШС жарғы негізінде іс атқаратын директор Абсаметов Мелис Құдысұлы, үшінші тараптан,

әрі қарай «Тараптар» деп аталатын, жоғарғы білім және ғылыми зерттеулерді дамыту саласындағы ортақ мүдделерді негізге ала отырып, мәдениет, білім және ғылым саласындағы екі жақты қатынастарды дамыту мақсатында, өзара тиімді және жарамды қағидаларға сәйкес осы Меморандум жасалды:

1 Бап

Тараптардың білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастығы ортақ мүдделерді білдіретін салаларда жүзеге асырылады.

Осы ынтымақтастық ортақ мүдделер негізінде және тең құқықтық қатынаста құрылады.

2 Бап

Тараптар арасындағы ынтымақтастық келесі салаларды қамтиды:

- Студенттер, зерттеушілер, магистранттар, аспиранттармен/докторанттармен алмасу;

- Оқытушылар мен қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатуда көмек көрсету;
- Оқу мен зерттеулер саласындағы озық әдістермен алмасу;
- Ортақ екі жақты ғылыми симпозиумдер, семинарлар мен конференцияларды ұйымдастыру;
- Бакалаврлардың, магистранттардың және докторанттардың ғарыш технологиялар саласындағы білім бағдарламаларын бірлесіп талдау және іске асыру;
- Ортақ мүддені білдіретін жобалар мен бағдарламаларға тараптардың бірлесіп қатысуы;
- Өзекті және ортақ мүддені білдіретін мәселелер бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру;
- Білім саласында инновациялық технологияларды дамыту және ендіру бойынша ортақ іс-шараларды өткізу.

3 Бап

Тараптар ғалымдарының, оқытушыларының, зерттеушілерінің және студенттерінің арасындағы тікелей байланыстарды ынталандырып отырады.

4 Бап

Тараптар өз мемлекетінің ұлттық заңнамаларына, сондай-ақ осы Меморандумда көрсетілген шарттарға сәйкес және осыларды негізге ала отырып екінші Тараптан келген қонақтарды өз аумақтарында лайықты жағдайда көмек көрсетуге ықпал жасайды.

5 Бап

Осы Меморандум негізінде тараптардың әрқайсысы университет кітапханалары арасында байланыс орнауын қамтамасыз етуі тиіс.

6 Бап

Тараптар шарт мәтініне өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Өзгертулер мен толықтырулар оларды енгізу туралы екі жақты құжатқа қол қойылғаннан кейін күшіне енеді.

7 Бап

Тараптар осы Меморандумдағы шарттарды айқындау үшін жекелеген келісім-шарттар мен келісімдерге қол қойылатынын атап өтті.

Осы Меморандум орыс, қазақ тілдерінде Тараптарға бір-бірден екі дана етіп жасалды және Тараптар қол қойған уақыттан бастап күшіне енеді. Екі дана да тең құқықтық күшке ие.

8 Бап

Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жылға жарамды. Егер осы Меморандумның мерзімі бітуіне 3 (үш) ай қалғанда Тараптардың бірі екінші Тарапқа Меморандумның қызметі тоқтатылатыны туралы мәлімет бермесе Меморандум мерзімі автоматты түрде келесі үшжылдық мерзімге ұзартылған болып есептеледі.

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы Меморандумның мерзімінің аяқталуына кемінде 60 күн қалғанда бір жақты тәртіпте мерзімінен бұрын Меморандум күшін тоқтатуға құқылы.

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің атынан

Ректор **Е.Б.Сыдықов**

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы,
010008, Астана қаласы,
Мұңайтпасов даңғылы, 5
тел.: +7 (7172) 35-39-00
www.enu.kz

«Академик Ө.М. Сұлтангазин
атындағы ғарыштық зерттеулер
институты» ЕЖШС атынан

Директор **М.Қ. Абсаметов**

«Академик Ө.М. Сұлтангазин
атындағы ғарыштық зерттеулер
институты» ЕЖШС Қазақстан
Республикасы, Алматы қ.
Шевченко, 15
тел. +7(727) 291-99-35

Академик М.Ф.Решетнева атындағы
Сібір мемлекеттік әуеғарыш
университетінің атынан

Ректор **И.В. Ковалев**

Академик М.Ф.Решетнев атындағы
Сібір мемлекеттік әуеғарыш
университеті
Ресей Федерациясы,
660014, Красноярск қаласы,
«Красноярский рабочий» газеті
ат.даңғылы, 31
тел.: (+7 391) 264-00-14
факс: (+7 391) 262-73-64
www.sibsau.ru
e-mail: ums@sibsau.ru